

**ЖШС «Бақытты бала-2050» бөбекжай
балабақшасының өндірістік жиналыс хаттамасы.**

Хаттама №1

Қатысушылар: меңгеруші,
әдіскер, медбике,
шаруашылық меңгерушісі

Күн тәртібінде

ЖШС «Бақытты бала-2050» бөбекжай балабақшасында жылдық жоспар бойынша жүргізілетін өндірістік кеңестің іс – шарасын түзу, бекіту.

- 1.Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы
- 2.Қызметкерлердің жыл сайынғы медициналық тексеруден өтуін бақылау.
- 3.Барлық топ балаларының құжаттарының толықтығын бақылау
- 4.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.

Тыңдалды:

2024-2025 оқу жылының алғашқы өндірістік жиналысын балабақша меңгерушісі: Қоныс Аягөз ашық деп жариялады. Жиналыс жоспарымен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша:Топтардың жабдықталуы жаңа оқу жылына дайындығы бойынша шаруашылық меңгерушісі: Қоныс Аягөз есеп берді. Топтарда әктеу, сырлау жұмыстары жүргізіліп, жарық, су жүйелерінің жұмыс жасап тұрғандығын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша: Барлық қызметкерлердің яғни тех персоналмен педагогтардың барлығының медициналық тексеруден өткен кітапшаларының бар екендігі туралы балабақша мейірбикесі Әбен Балнұр есеп берді.

Үшінші мәселе бойынша: Балабақшаның әдіскері - мен балабақша медбикесі - балалардың құжатарының толықтығын атап өтті, яғни 026 медосмотр, дені сау деген анықтама, өтінішпен жолдама қағаздарының толықтығына есеп берді.

Төртінші мәселе бойынша:Топтардың санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сай кварцтау және желдетуін қатаң бақылауды медбике күнделікті қадағалап

жатқандығын баяндады

Қаулы:

- 1.Топтарда әктеу, сырлау жұмыстары жүргізіліп, жарық, су жүйелерінің жұмыс жасап толығымен жүргізілсін.
- 2.Барлық қызметкерлер медитциналық тексеруден толықтай өтсін.
- 3.Бала денсаулық паспорты толықтығына көз жеткізілсін.

Кеңес төрайымы:

Тұрсынхожаева Д.

**ЖШС «Бақытты бала-2050» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес
жанындағы**

кезекті отырысы

Хаттама № 2

Қатысқандар: 6

05.12.2024ж

Себепті:

Күн тәртібінде қаралған мәселелер.

- 1.Қыс мезгілінде төтенше жағдайлар және оның алдын алу.
- 2.Жылу мәселесі.
- 3.Мектепке дейінгі ұйымдарда Жаңа-Жыл мерекесіне арналған іс-шараларға дайындық.

Бірінші мәселе бойынша сөзді медбике алып, қыс жағдайында орын алатын оқыс жағдайлардан алдын алу мақсатында сақтану нұсқаулықтарына тоқтала отырып егерде қыс мезгілінде тайғақтық болса, шаруашылық меңгерушісіне бір шара қолдауынын айтып ыңғайсыз жағдай болмауын алдын ала сақтану шараларымен қамтамасыз етіп отыру керек екенін.

Егерде жазатайым құлап қол-аяқтарын зақымдап алса, жедел жәрдемді шақырып алғашқы көмек болатынын айтты. Одан кейін қызметкерлер өз ойларымен бөлісті.

Екінші мәселе бойынша жылуқазандығының жұмысын қадағалау. Уақытылы жылу қазандығын тексеріп, техникалық қауіпсіздігін сақтау туралы б.б шаруа меңгерушісі - дайындық жұмыстары туралы айтты. Балабақша меңгерушісі - қатаң қадағалайтынын мұқият түсіндірді. Әр топтың температурасын қадағалау туралы да айтты.

Үшінші мәселе бойынша балбақшада әдіскері «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты тақырыбында мерекелік іс-шара өткізу туралы айтты. Барлық педагог-тәрбиешілерін іс-шара жоспарымен таныстырды.

Қаулы:

- 1.Жоспарға сай дайындық жұмыстары жүргізілсін.
- 2.Жылу қазандықтары тексеріліп, қысқа дайындық жұмыстары қадағалансын.

3.Балабақшадағы «Жаңа-Жыл» мерекесі талапқа сай өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

Тұрсынхожаева Д.

